

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

## **Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны сан-салалы білімдерді қамтыған терең философиялық шығарма ретінде**

Мақалада XI ғасырдың философы, ақыны, ағартушысы Жүсіп Хас Хаджыб Баласағұнның өмірі мен қызметі қарастырылған. Әсіресе оның «Құтты білік» атты философиялық еңбегінің мазмұны мен маңызы толық ашылған. Бұл әйгілі философиялық еңбек сол кездегі барлық дерлік ғылым салаларының: философиялық, поэзиялық, құқықтық, экономикалық, этикалық, тарихтық, педагогикалық жетістіктерін жалпылайтындығы дәлелденген. «Құтты білік» Шығыс елдері тарихындағы түрік тілінде жазылған тұңғыш философиялық және әдеби трактат болып табылатындығы дәлелденген. Аталған еңбектегі көптеген ғылыми қағидалар және философиялық тосқаулар қазіргі кезге дейін өз өзектілігін жоғалтпайтындығы айтылған.

*Кілт сөздер:* әдеби мұра, мемлекетті басқару, зерттелу, басты идеясы, дүниетаным, құт, бақ-дәулет, білім, қанағат, тіл өнері, тәрбие, нақыл.

### *Kipicne*

Жүсіп Баласағұн (Баласағұни) — XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, есімі күллі Шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан-ойшыл, белгілі қоғам қайраткері. Ол замандастары мен өзінен кейінгі ұрпақтарға тек дарынды ақын ғана емес, сондай-ақ Орта ғасырдың атақты ғалымы, дәлірек айтсақ, табиғаттану, риезиет (математика), фәләкият (астрономия), тарих, араб-парсы тіл білімі, тағы басқа толып жатқан ғылым салаларын жете меңгерген ғұлама-ғалым ретінде жақсы мәлім болған.

Ал, Жүсіп Баласағұнның есімін әлемдік әдебиет тарихына мәңгілік өшпестей етіп жазып қалдырған бірден-бір әдеби мұрасы — «Құтадғу білігі» («Құтты білік») дастаны. Бұл дастан қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихи, қоғамдық саяси-өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, тағы басқа жөнінде аса қызықты әрі қыруар мол деректер беретін көркем туынды [1].

Кезінде кітапты Шығыс патшалары көшіртіп алдырып оқитын болған. Бір қызығы, бұл еңбекке әр елде әр түрлі ат берген [2; 86]:

- ирандықтар Фирдоусидің «Шахнамасымен» қатар қойып, «Шахнамаи түркі» («Түркі Шахнамасы») деген;
- Шың елінің (Солтүстік Қытай) адамдары «Адабул-мүлік» («Әкімдердің әдептілігі») деп, ал Машын (Оңтүстік Қытай) жұрты «Айнкүл мамлакат» («Мемлекет тәртібі»), Шығыс елдерінің әкімдері «Зийнатул-умаро» («Әмірлердің сән-салтанаты»), турандықтар «Құтадғу білігі» («Құтты білім») деп атаған;
- дастанды зерттеуші-ғалымдар орыс тіліне де түрліше тәржіма жасап отырған: мәселен, В.В.Бартольд кітаптың атын орыс тіліне «Патшаларды ақылға шақыратын білім» («Знание, образующее царей»); С.Е.Малов — «Бақыт кітабы» («Книга счастья»); А.А.Валитова — «Басқару туралы білім» («Наука об управлении»); В.В.Радлов — «Бақыт сыйлайтын білім» («Знание, дарующее счастье»); В.Томсон — «Бақытты болу өнері» («Искусство сделаться счастливым»); С.Иванов — «Құтты білім» («Благодатное знание») деп аударған.

Бұл атаулардың қай қайсысы болса да, «Құтты білік» дастанының мемлекетті басқару істеріндегі моральдық-этикалық, адамгершілік мәселелеріне арналғанын дәлелдей түседі.

### *Ақынның өмірбаяны туралы мәліметтер*

Жүсіп Баласағұнның өмірі туралы мәлімет мүлдем аз сақталған. Философ-ғалым өз өмірі мен ақындық қызметі жайындағы кейбір деректерді «Құтты білік» дастанының соңғы үш тарауында қысқаша түрде, үстірт қана әңгіме етеді. Міне, ақынның осы өзі жазған мәліметтерге қарағанда, Жүсіп Баласағұн орта ғасырда Қарахан әулеті билік жүргізген мемлекеттің бір кездегі астанасы Баласағұн шаһарында дүниеге келген.

Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп-тұқианнан өзіме шейін» атты кітабында Жүсіп Баласағұндың ескіше жазғанын айта келе, ойшыл ғалымның қазақтың Ұлы жүзі, соның ішінде Елсау бидің немересі Албанның Қас-Қажыл тұқымынан шыққандығын еске алады [3].

Жүсіп білімді Фараб (Отырар), Қашғар, Бұхара қалаларынан алады. Араб, парсы тілдерінде еркін сөйлейді. Өзінің атақты философиялық-диалектологиялық «Құтты білік» дастанын Баласағұнда бастап, Қашқарда аяқтауы кездейсоқ жайт емес еді. Өйткені сол кездегі түркі тілдес тайпалардың мәдени өмірінде Қашқар қаласы зор рөл атқарғаны мәлім.

X–XII ғғ. Қараханидтер әулеті билік құрды. Соғыссыз, мамыражай, бейбіт өмір сүргісі келетін ру-тайпалар Орта Азия төңірегінде өркендеп өсіп келе жатқан Қарахан мемлекетіне бірігіп, мемлекеттің ел басқару жүйесі нығая бастады. Қарахан мемлекетінің көшпелі билік ордасы Қашқар қаласында болды. Қашқар сол кездегі Ұлы Жібек жолының бойындағы мәдениеті, әдебиеті, экономикасы дамыған ірі қалалардың бірі болған. Қарахан мемлекетін елдің ұлы көсемі, атақты Табғаш Қара-Боғрахан билеген. Осындағы «Табғаш» деген сөз *күшти, пәрменді* деген мағынаны білдіреді. Ал «*Бозра*» деген сөз *Бура*, қашаннан да өте алып-жойқын күштіліктің белгісі. Осыдан Табғаш Қара-Боғрахан дегеніміз Батыл Қара-Бурахан (Қара-Бура) болып шығады. Қара-Бураханды Орта Азия халықтары әрқайсысы өздеріне жақын тартып, біздің үлкен бабамыз деп құрметтейді, ұлы тұлға санайды. Қазақтар, ұйғырлар, қырғыздар, тәжіктер, өзбектер, түріктер, тағы басқа ұлт өкілдері әрқайсысы өздеріне иемденеді. Өйткені Қара-Бурахан өзінің әділдігімен де, тазалығымен де, батырлығымен де, адамгершілік-білімділік қасиеттерімен де бүкіл Орта Азия халықтарының, батыр, билері мен ғылым-білім жаршыларының және қарапайым халықтың жоғары қолдауына ие болған. Ұлы Жібек жолымен келетін жаңалықтарды, ғұлама ғалымдар мен дін таратушыларды, Ислам дінінің қасиетті таза дін екенін айрықша қолдап отырады. Қара-Бурахан ел басқаруда өзіне де, өңірлерді басқарушы хандар мен барлық билік өкілдеріне де төрт түрлі ұстанымды, негізгі, өзекті мәселе ретінде қояды [4]:

Әділдік — Әділеттік — Ақ жолды жаза баспас әділ үкім басшының ысымы, осыған қарап бұқара халық та әділ болады, қоғамда әділеттілік қалыптасады.

Адалдық — Тазалық — Жүрегі адал, ділі таза, акпейілді, кешірімшіл, кең пейілді, саналы халқы мен би-сұлтандары көп мемлекет әрдайым бақытты-бақуатты.

Білімділік — Батылдық — Ақ-қараны айыра білу, білгір — айлакер, ер жүрек — алғыр, ақылды батыр болу, дүниенің барлық құбылыстарына зер сала білу, қайсарлық.

Адамгершілік — Иmandылық — Адам адамдық қасиетін сақтап, уақытша болатын аштық-тоқтыққа шыдап, байлық-мансапқа қызықпай, бос құмарлыққа алданбай, Алланың бірлігіне шүбә келтірмей, мұсылмандықты бұлжытпай орындау.

Қара-Бурахан осы кезде барлық мұсылман дінін таратушыларды өте жауапкершілікпен қолдап, мыңдаған сауатты жастарды үлкен қалаларға жіберіп, мұсылман дініне үйретеді. Қара-Бурахан Орта Азияда мұсылман дінін, Иmandылықты толығымен өрбітуді, уағыздауды мүдделес досы Қожа Ахмет Иассауиге тапсырады. Қожа Ахмет Иассауидің басшылығымен Түркілер тек Ислам дінін тұтынушы емес, сонымен бірге Ислам мәдениетін жасаушы күшке айналады. Осындай түрік халықтарының рухани, мәдени дербестігі кезінде Жүсіп Баласағұн тарих сахнасына шығады. Ол Қарахан мемлекетінің хан сарайында қызмет етіп, білім алады. Жүсіп Қарахан мемлекетінің көсемі Қара-Бураханның хандық дәуірін, ел басқарудағы ұстанымдарын, елдің ынтымағын, мұсылман дінінің жақсы қасиеттерін — адалдылық пен әділдікті, білімділік пен адамгершілікті, Ислам дінінің тазалығын пайымдап зерттеп, Қара-Бураханның төрт ұстанымын негізге ала отырып, өзінің аса жоғары көркемді деңгейдегі басты шығармасын дүниеге әкеледі.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегін хижра есебі бойынша 462 ж., яғни жаңаша жыл санау есебі бойынша 1070 ж., жазып бітірген. Бұл жөнінде автордың өзі дастанда ескерткен [5; 589]:

*Төрт жүз алпы екінші жыл ішінде,  
Бұл сөзімді тіздім бәйіт пішінде.  
Он сегіз ай құрастырдым, талғадым,  
Теріп түгел сөз сарасын таңдадым.*

Осы шығарманы ұзақ жылдар бойы зерттеген ғалымдардың есебі бойынша, Жүсіп Баласағұн өз дастанын шамамен елу төрт жасында жазып бітірген. Демек, ақын 1015–1016 жж. қазіргі Шу өзенінің бойындағы Құзорда (Баласағұн) деп аталатын қалада атақты түрік әкімінің отбасында туылған.

Ойшыл өз дастанын жарыққа шыққан жылы Табғаш Қара-Боғраханға (Қара-Бураханға) — «хандардың ханына» тарту етеді. «Құтты білікпен» танысқан соң Қара-Бурахан Жүсіп Баласағұнға

өте ырзалығын білдіріп, бұдан былай «Хас Хажыб Жүсіп Баласағұн» деген атақ берілетінін, ол хан сарайының бас ақылшысы, ақыны, бас уәзірі деген мағынада екенін айтып, өзін қызметке алады. Бұл туралы ақын [5; 44]:

*Кетті шығып туған елден алысқа,  
Жырмен кітап берді түгел халыққа.  
Хаттап-қаттап барын жазды көңілде,  
Тамамдады жырмен Қашқар елінде.  
Хандар ханы Тавғаш Қара Бұғра —  
Падишахтың құзырында оқыды.  
Мархабатпен даңқ қосты атына —  
Ақылы мен қаламының хақына.  
Хас Хажыбтық атақ берді тағы да,  
Мұны сеніп жақын тұтты жанына.  
Сол мәні үшін жұрт құрметтеп қарады,  
Аты: Жүсіп Хас Хажыб деп тарады, —*

деп жазады.

Кемеңгер философ «Құтты білікте» қандай адам «Ұлы Хас Хажыб» болып істеуі мүмкін деген сауал қойып, оған өзі егжей-тегжейлі жауап айтады.

Ұлы Хас Хажыб — әмірші-патшаның көрер көзі, естір құлағы. Ол мемлекет заңдары мен сол елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалап отырады. Сондай-ақ ұлы уәзір — қазына ісін басқарушы адамға, сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен колөнершілерге патша атынан әмір береді. Елшілерді қабылдап, шығарып салып отырады, ресми түрдегі салтанатты жиындардың заңға сәйкес өтуін қадағалайды. Әрі кедейлер мен жетім-жесірлердің арызын тыңдап, оны Тағбаш Қара-Бураханға жеткізіп отыруы тиіс. Бұған қарап, Жүсіп Баласағұнның патша сарайында қандай қызмет атқарғанын ғана емес, сонымен бірге ақын «Құтты білікте» өзіне өте жақсы таныс мәселелерді мейлінше терең біліп барып жазғанын да аңғарамыз.

«Құтты білік» дастаны — мемлекетті басқару қағидалары мен ұстанымдарын сөз ететін ел басқарудың ережелері мен заңдарын, мінез-құлық пен әдет-ғұрып нормаларын қамтыған көркем туынды. Этикалық-дидактикалық сарында жазылып, ғибрат-уағыздарды бейнелі көркем тілмен жырлайтын бұл шығармада бекке, уәзірге, әскербасына, хаджибке, елшіге, хатқа түсірушіге, қазынашыға, аспазға, емшіге, түс жорушыға, жұлдыз санаушыға, өлең шығарушыға, диқанға, малшыға, кәсіпкерге, саудагерге және басқаларына қажетті қасиеттер әңгіме болады. Данагөй Жүсіп Баласағұнның қырағы көзі бүкіл қоғамды төменнен жоғарыға дейін қамтиды.

#### *«Құтты біліктің» зерттелуі*

Академик Ә.Нысанбаевтың ғылыми зерттеулеріне [6] сүйеніп айтсақ, «Құтты біліктің» үш нұсқасы бар: Веналық нұсқа (1439 ж.), Каирлық нұсқа (1895 ж.) және Наманган нұсқасы (1913 ж.). Ғалымдар осы үш нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай келе, «Құтты білік» дастанының ғылыми негізделген толық мәтінін жасап шықты. Дастанның көне қолжазбасы табылғанын алғаш әлемге хабарлап, 1823 ж. Парижде шығатын «Азия» журналында Вена нұсқасынан үзінді жариялаған француз ғалымы Жауберт Амадес. Венгер ғалымы Германи Вамбери (1832–1913) дастанның бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 ж. Инсбрук қаласында кітап етіп шығарды. «Құтты білікті» Қ.Кәрімов өзбек тіліне, Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов (1983) орыс тіліне, А.Егеубаев (1986) қазақ тіліне, бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (1984, Пекин) аударды. Дастанды аударумен В.В.Радлов (1837–1918) 20 жыл бойы үзбей айналысты. Түркия ғалымдары 1942–1943 жылдары аударып, үш нұсқасы 3 том болып Стамбулда жарық көрді. Шығарманы зерттеуге түрік ғалымдары Р.Арат (1900–1964), М.Кепрюлд (1880–1960), А.Ділашар (1897–1979) көп еңбек сіңірді.

Жоғарыда көрсетілген дастанның үш нұсқасын салыстыра келе орыс ғалымы С.Е.Малов Каир, Наманган нұсқаларының өзара жақындығын айтып, «ал ұйғыр редакциясы (Вена-Ғират) көп жағдайда бұлардан алшақтап кетеді» дей келе, бұл нұсқа «ислам мәдениетінің ұйғыр жазбаларындағы сирек кездесетін ірі ескерткіш» деп бағалаған. В.В.Радловтың да: «Баласағұн қаласының (Жетісудағы) тұрғыны ретінде автор дастанын әуелінде ұйғыр жазба тілінің әсерінсіз араб әрпімен жазған, бірақ поэма бұл ықпалға Қашқарда аяқтап, ханға апарған тұста, ел ішінде тарату үшін ұйғыр әрпімен қайта жаздырғанда ұшыраған», — дейді [7].

Көптеген ғалымдар «Құтты білікті» Араб халифатының әлсіреген тұсында жазылғандықтан, оны өтпелі кезең шығармасы деп санайды. Себебі араб мәдениеті мен әдебиетінің түркі халықтары әдебиетіндегі үстемдігі өте күшті болатын. Түркі халықтарынан шыққан ғұламалардың көбі өз шығармаларын араб тілінде жазуға мәжбүр болды. Оның үстіне, араб тілі — ислам діні мен мәдениетінің тілі болғандықтан, одан бас тарту еш мүмкін емес-ті. Сондықтан араб және түркі ақындары арасындағы тіл мәселесі өте өткір болды. Ал Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» түркі тілінің өте бай тіл екендігін дәлелдеуге тырысқан тұңғыш шығарма. Ол туралы данагөй ақын [5; 45]:

*Кітаптар көп арабша да, тәжікше,  
Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше, —*

деп өз қоғамында жазылған алғашқы туынды екенін ескерте отырып, сол қоғамның түркі тілдес екенін [5; 45]:

*Біл, түркіше жырмен жазып арнадым,  
Дұға қылсаң, мені ұмытып қалмағын, —*

деген жыр жолдарымен аңғартады.

#### *Дастанның құрылысы мен сюжеті*

Ежелгі Шығыс ілімі бойынша, әлемді төрт нәрсе ұстайды: жер, су, ауа, от. Осы төрт нәрседен әлемнің үйлесімі жасалады. «Құтты білікте» қоғамдағы, өмірдегі үйлесім осы төрт нәрседен тұрады. Дастанның басты идеясы мынадай төрт принципке негізделіп жазылған [8; 161]:

Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды нақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді.

Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын, деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі дастанда патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған.

Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық ролі уәзірдің баласы Ұғдүлміш (Өгдүлміш) бейнесінде жырланады.

Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одгүрміш (Одғұрмыш) бейнесі арқылы әңгіме болады.

Композициялық құрылысы жағынан дастан 6520 бәйіттен (екі жолдық өлең) тұрады. Бұл — 13000 өлең жолы деген сөз.

Дастан қара сөз бен өлең түріндегі кіріспеден, сексен бес бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Алғашқы төрт бөлімі діни мақтауларға, бесіншісі — жеті ғаламшар мен шокжұлдыздардың белгілерін суреттеуге арналған, ал алтыншы — он бірінші бөлімдер негізгі бөліміне кіріспе болып табылады. Шығарманың сюжетті бөлігі он екінші бөлімнен басталады. Ол бас кейіпкерлердің әңгімелері мен хат жазысуларынан тұрады. Туындының негізгі бөлімдері екі жолдық месневи түрінде жазылған.

«Құтты білік» дастанының сюжеті автор алға қойған дидактикалық міндеттерге, яғни шығарманың әділдікті, бақ-дәулетті, парасатты, қанағатты бейнелейтін төрт қаһарманның іс-әрекетіне тікелей байланысты етіп құрылған. Дастанның сюжеттік желісі қарапайым болып келеді.

Кітаптың сұрақ-жауап, диалог түрінде жазылуы Авестадан бері келе жатқан дәстүр болатын. Ж.Баласағұни сол дәстүрді жалғастыра келіп, ақыл-білімге, кемелдікке деген ізденісін кейіпкерлердің өзіне жинақтайды. Адам мүмкіндігі шексіз екендігін, адамның әділетке жете алатындығын, мұсылмандардың қыркыншы парызы — ғылымның таным процесіндегі ролі туралы айтады. Бала тәрбиесі, адамгершілік, т.б. көптеген мәселелер қамтылған [2; 90].

Туындыда кейіпкерлер дүниелік қызықтардың жалғандығы, маза бермейтін игіліктердің тұрақты еместігі, ізгілікті, әділеттілікті, ақыл мен білімді, ұстамдылықты, мырзалықты бағалау керектігі туралы сыр бөліседі.

Кітапта еңбектің және кәсіптің қай түрі болмасын маңызды деген ой білдіреді. Тек соны адал істей білген адам ғана өз еңбегінің жемісін көреді.

#### *«Құтты білік» дастанындағы дүниетаным*

«Құтты білік» 1069–1070 жж. жазылған адамгершілік пен имандылыққа, білімділік пен біліктілікке, әділдік пен еңбекке үндеген түркі тіліндегі философиялық, дидактикалық шығармалардың көшбасшысы. Баласағұнидің бұл еңбегі кезіндегі ел билеуші хан-қаһандарға әділдік пен парасатты биліктің шешен шежіресі ретінде, ақылымен іс қыла білудің заң ережесі ретінде ұсынылған:

1. Дастанның белгілі бір мағынада елдегі Ата Заң (Конституция) қызметін атқаруы.

Жүсіп Баласағұн шығармасы Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарған. Ол үшін автор өз еңбегінде патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Ел-жұртты басқаратын адам — ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт екенін айтады. Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға құштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқты жаман қылықтардан сақтандырады. Бұдан кейін ақын патшаның көрер көзі, естір құлағы «Хас Хажыб», яғни бас уәзір, міндеттерін тізбектеп, зор білгірлікпен айтып шығады. Бас уәзір халықтың талап-тілектерін патшаға, ал патшаның айтар ой-пікірін, жарлықтарын халыққа жеткізіп отыруы тиіс. «Құтты білікте» елшіге қойылатын талаптар егжей-тегжейлі сипатталып жазылған. Елші ерекше зерек, өзі көрікті, көп тіл білетін, шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы (астролог), түс жори білетін, музыкант сияқты көптеген қасиеттерге ие жан болуы қажет дейді ғұлама [9].

Баласағұни ел басқаратын әміршіге, бекке мейлінше жоғары талаптар қояды. Ел басқарған адам өте зерек, іскер болса ғана мемлекет гүлденіп, қазынасы алтын-күміске толады, халқы бақытты болады деген пікір айтады [5; 213–215]:

*Ақылды бар, ақымақ бар, бар ғалым,  
Бай-кедей бар, надан, аңқау, бар залым.  
Бәрін соның алаламай бөлектеп,  
Басқаратын қандай болу керек Бек?  
Елі гүлдеп, байып бектің бағына,  
Даңқы тарап, өссе халық саны да!  
Қазна толып, күміс судай ағылса,  
Шоқтығы өсіп, күшіне әлем табынса.  
Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,  
Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,  
Бектің аты бар жаһанға тараса,  
Күн-күн сайын құты артса тамаша.  
Бектік үшін туған олар анадан,  
Бектік сүтпен, іспен бойға тараған  
Бектің ісі, тек бектердің еншісі –  
Бектер ісін, ұғар бекке тең кісі.  
Бек халықты тек білікпен сендірер,  
Барлығын да ақылына жеңдірер.  
Бек дегенің білікпенен берік тұр,  
Білік кетсе, бек қалады — желік құр...*

Дастанда Қара-Бураханға (Бограханға) елді басқару әдісі мен жаулап алған жерлерге тәртіп орнату тәсілдері жөнінде ақыл айтылады. Елді өз қолында ұстау үшін бірыңғай күш қолдану, қылыш жұмсау жеткіліксіз, қол астыңдағы халыққа ақыл-айламен айтқаныңды істете білу керек деген пікір білдіреді.

Жалпы, басқару мәселесінде Баласағұн ұстанған рухани құндылықтар — қайырымдылық, парасаттылық, ізгілік, тәрбиелі адамға тән іс-әрекет.

2. Дастандағы құт, бақ-дәулет, бақыт ұғымдарының мәні.

Халқымыз бұл ұғымдарға өте үлкен мән берген. Жүсіп осы ұғымдар туралы былайша толғанады [5; 194–195]:

*Құт-дәулетке жарық көңіл жарасар,  
Дана жүрек шыққан күнмен таласар!  
«Бақыт қонса, шаңырағыңа күтпеген,  
Кішіктікпен, байқап, соңын күт деген.  
Бақ та білсең, білікті ерге лайықты,  
Өзіңе де, ісіне де байыпты.  
Дәулет қона, ақымақ та «зиялы»,  
Кісіліктен бөлек, әттең сияғы...*

*Дәулет қонса ақылдыға, ағайын,  
Шуағымен нұрландырап маңайын.  
Біліксіздің дәулет артын жабады,  
Біліктіге құрметпен тон жабады.  
Ақымаққа қонған бақыт тоналар,  
Қалай қонса, солай ұшып жоғалар!  
Бұл сөздер мен төркіндес сөз бар тағы,  
Асыл сөздер бірін-бірі тартады:  
Ақылдыны бақ құрметке бөлейді,  
Күн мен түнін кереметке теңейді.*

Баласағұнның ойынша, бақ дәулет, құт оларды қадірлемеген адамның басынан тез ұшып кетеді. Өмірде тұрақты ештеме жоқ, бәрі өткінші. Ғұлама [5; 111–112]:

*Дәулет үркек, ор киікке ұсаған,  
Қонса келіп, жөні тас қып тұсап ал!  
Тұта білсең, дәулет тозып, безбейді  
Қолдан шықса, қайта айналып келмейді!  
Сенбе құтқа: келсе, кетіп қалады,  
Сенбе баққа: береді һәм алады, —*

сияқты жолдармен өмірде «болдым, толдым, бакытқа кенелдім» деген тоғышарлық психологиядан әрқашан бойды аулақ салуға шақырады.

Сөйтсе де, ақын құт пен бакыттың адамзат басынан ұшып кетпей, баянды да мәңгі қонуын аңсайды [5; 111]:

*Баянды боп жаралса ғой құт деген,  
Асыл бакыт сол болар-ау күтпеген.  
Ұшпай бакыт, қонса алаңсыз түгелдей,  
Мәңгі жайнар, күн көзі де түнермей!*

«Құт дарыған елдің адамы қандай?» деген сұраққа Баласағұн былай деп жауап береді: «Құт-бакытқа кенелсем деп тор құрушылар көп. Бірақ ол қасиетті адамға ғана қонады. Құтты іздеген адам жібек мінезді, көңілі таза, тілі майда, жігерлі болып, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге мейірін төксе, араз көңілді тыйып ұстаса, осы қасиеттер — құтты ұстаудың құлып-кісені» [10].

Ғұлама ақын баюдың жолдарын ашып айтпаса да, байлыққа деген өзінің көзқарасын білдірген. Оның пайымдауынша, байлық, алтын-күміс дүниедегі ең қымбат нәрсе емес.

Керісінше, ең қымбат нәрсе — ол оқу-білім, ақыл-қанағат, адамгершілік. Сондықтан да Баласағұн алтын, күміске көзі тұнбаған адамды нағыз періштеге балайды [5; 278]:

*Күміс көрген адам көңіл бұрмаса,  
Көзі тұнып, дымы құрып тұрмаса.  
(Алтын көріп, адам жолдан таймаса,  
Адамдықты, адалдықты ойласа).  
Ондай жанды періште деп қараңыз,  
Шынында да періштеге балаңыз.*

Жалпы, дастанда дәулетқұмарлық, дүниеқорлық, байлық, мансапқа құмарлық жан-жақты сыналады. Ғұламаның пайымдауынша, нағыз байлық — жан тазалығы. Өйткені рухың таза болса, сен аспандай бересің. Байлыққа құмарлық тұлғаның мінез-құлығының азып-тозуына жол ашады.

Ойшыл ақын «опасыз өткінші ғұмырда байлық қумай, білімге ұмтылындар» деп үндейді [5; 68]:

*Кісіден кісі айырмасы — парқы көп,  
Айтсам, білім — бұл парықтың нарқы дөп.  
Бұл сөзімді білімдіге арнадым,  
Білімсіздің тілін ұға алмадым.  
Білімсізбен ешбір сөзім жоқ менің,  
Ей, білікті, қызметшіңмін мен сенің.*

3. Баласағұни әлемдік үйлесімділік негізінде әділетті адамзат әулетін құруды армандаған. Сондықтан да ол ғылым мен білімге зор мән берген.

Ақын мемлекет, қоғам, ел басқарған әкімдер, мораль, этика, тағы басқа мәселелерге арналған тарауларында білімнің күш-күдіретін ардақтап, ғалымдарды көкке көтере мадақтайды [5; 75–77]:

*Ақыл — шырақ, қара түнді ашатын,  
 Білім — жарық, нұрын саған шашатын.  
 Ақыл болса, асыл болар — болса ер,  
 Білім болса, бектік қылар — қылса ер.  
 Ақыл кімде болса — болар асыл ол,  
 Білім кімде болса — бек һәм басың ол.  
 Кісі ұланы қара жерге қол салды,  
 Көтерді бәрін, білімін ол қолданды.  
 Ақылмен кісі асыл атанар,  
 Бекке ел ісі білімімен жасалар.  
 Талай ізгі іс, атқарылды ақылмен,  
 Мың рахмет ақыл-еске асыл кен!  
 Пайдасы көп, аз ақылды аз деме,  
 Қадыры көп, аз білімді аз деме!  
 Жұпарға ұқсап білім де тез таралар,  
 Сақтап болмас басқалардан даралап.  
 Жасырсаң жұпар, оны иісі білдірер,  
 Жасырсаң білім, тілің айтып бүлдірер.  
 Білім — байлық, азаймас һәм жоғалмас,  
 Еш қарақшы, ұрыға да тоналмас!  
 Ақыл, білім бейне кісен кісіге,  
 Кісенді ашып бармас қылмыс ісіне.*

Жүсіп Баласағұн оқыған, парасатты, көзі ашық адамдар, ғалымдар ел басқару ісінде, ел-жұрттың талап-тілектерін жүзеге асыруда патшаларға, түрлі дәрежедегі әкімдерге, бектерге ұдайы ақыл-кеңес беріп көмектесіп отыруы тиіс деп түсінеді. Ақын ел билеушілердің, білімді адамдардың ақыл-кеңесін тыңдап, соған сәйкес елге билік жүргізуге шақырады.

Дастанда мынадай ой-пікір бар: Патша ел-жұрттың қылыштың күшімен, қатал тәртіппен басқарып отырады, ал ғылымдар қалың бұқараны ақыл-парасатымен басқаруы керек [8; 171].

Философ-ғалым адам бойындағы жаман қасиеттердің бәрі, атап айтқанда, зұлымдық, қатыгездік, сараңдық, опасыздық, т.б. — бәрі түптеп келгенде білімсіздіктен, надандықтан туындайды деп есептейді.

Баласағұн ең алғашқы ағартушылардың бірі ретінде сауаттылықты дәріптеп, оны халықтың мәдени деңгейін көтеретін бірден-бір құралы деп білді. Бүгінгі күнде мәнін жоймаған мына бәйітті оқиық [5; 68]:

*Білімді — аз, білімсіздер қаптаған,  
 Ақылсыз көп — ақылдыны таптаған.*

Философ білікті, парасатты адамдарды қоғам өз дәрежесінде бағаламайтын, бұл дүниеде ашкөз надандардың ұтатынын, олар пайдакүнемдік пен парасатқа, білімге, адам тағдырына, адамзаттық мұраттарға көз жұма қарайтынын айтады [11].

Бұл жағдайды түзеу үшін өмірдің бар салаларына білім нұрын сеуіп, қараңғы халықтың көзін ашып, оларды бұл дүниелік күйкі әрекеттерден серпілту керек дейді ғұлама.

Жалпы, Баласағұни бәйіттері арқылы біз «білім мен ақыл — адам болудың нағыз кемел жолы» деген ой түйеміз. Сондықтан да дастанда ақыл мен білім жайында айтылған ойлар көп. Осы белгілеріне қарап, оны ғибратнама үлгісіндегі дастан деуге болады [5; 77]:

*Ақыл, сенің анттасқан нақ жолдасың,  
 Білім, сенген мейірімді қандасың.*

Немесе [5; 78]:

*Ей, ақылды! Өкпе-сорға шалдырма!  
 Сақтап атты, ашуға бой алдырма! —*

деп келетін өсиетке толы жыр үлгілері — соның айғағы.

4. «Құтты білікте» көтерілген этикалық-философиялық мәселелердің бірі — қанағат, ынсап мәселесі болып табылады. Ақын «қанағат» ұғымын философиялық категория ретінде қарастырады. Ел басқарған әкімдердің бәрін қанағатшыл, ынсапты болуға шақырады. Сондай-ақ ол дүниеқұмарлықты, ашкөздікті, паракорлықты өлтіре сынайды [5; 219]:

*Ашкөзденбе, ұятты ойла, адал бол,  
Ашық айтып, әділ іске жарар бол!  
Мешкей тынып, сұғанақ көз қояр ма!?  
Ашкөзділер жаһанды жеп, тояр ма?!  
Сұғанақтық — дауасыз дерт, арылмас,  
Күллі жаһан емі қонбас, жазылмас.  
Барлық аштар, жесе ақыры тояды,  
Сұғанақ көз, тек көрінде қояды.*

Өз дәуірінің рухани тәжірибесін бойына сіңірген осынау шығарма қазақ әдебиетінің дамуына айрықша әсер еткен. Қазақтың классикалық поэзиясы өзінің шығармашылық бастауын «Құтты біліктің» рухани, эстетикалық әлемінен алған. Мәселен, жаңа қоғамдық тарихи жағдайда қазақ акын-жыраулары адам мінез-құлқының бір көрінісі болып табылатын қанағат сезімін өздерінше пайымдаған. Оны қазақ қауымының ұғымына лайықты етіп жырлаған.

5. Дастанда тіл өнері жайлы айтылған ойлардың эстетикалық тәрбиені қалыптастырудағы маңызы.

«Құтты біліктің» ең негізгі көтерген мәселесі — адамгершілік. Адамгершіліктің сан саласы бар. Оның бірі — тілді тыйып ұстап, орынды жұмсай білу. Тіл екі жүзді қанжар секілді. Тілден бак қонады, тілден бас кетеді.

Дастан авторы тілдің маңызын түсіндіруге талай тапқыр сөздер қолданған [5; 64–67]:

*Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,  
Қор қылар тіл, кететігұн бас болар.  
Тіл — арыстан есік баққан ашулы,  
Сақ болмасаң жұтар, ерім, басыңды!  
Не дейді, ұққын, тілден жапа шеккен ер,  
Құлақ салып, амал қылып, есті елер:  
«Тілімнен көп жапа шектім, есебім:  
Бас кесілмес үшін, тілді кесемін!  
Сөзіңді бақ, басың кесіп алмасын,  
Тіліңді бақ, тісің сынып қалмасын!»  
Біліп айтқан сөз — білікті, саналар,  
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар.  
Көп сөйлем, аз айт бірер түйірін,  
Бір сөзбен шеш түмән сөздің түйінін.  
(Көрген емен көбік сөзбен оңғанды,  
Тобықтай түй тоқсан ауыз толғамды!)  
Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар,  
Көп сөз басты қара жерге кеп тығар.  
Көп сөйлесең, «Езбесің» деп жек қөрер,  
Сөйлемесең, «Мылқау» екен — деп сөгер!  
Бұлай болса, тең ортасы — керегің,  
Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің!  
Тіліңді бақ, басың аман болады,  
Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады.  
Туған адам өліп сөзі қалады,  
Өзі кетіп, ізгі аты қалады!  
Қалар мұра — сөз, кісіден кісіге,  
Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе.*

Ойшыл ақынның пайымдауынша, дана адамның сөзі де, ісі де бір жерден шығады. Ол барлық жағынан әділет үлгісі болуға тиіс деп біледі. Тауып айтылған өнегелі сөзге берер бағасы зор: «Алтын мен күміс байлық емес, тауып сөйлей білген байлық. Дүниеде ешнәрсе де баянды емес, тек жақсы сөз ғана баянды».



6. «Құтты білік» дастанында отбасындағы эстетикалық тәрбиеге зор мән берілуі.

Адам өмірінде эстетикалық тәрбие зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне және жасай алу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді. Оған ең жоғары деңгейде рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда Жүсіп Баласағұн отбасы жайлы айтылған мына бір бәйітінде [5; 601–602]:

*Адал жарда болмаса ізі күдіктің —  
Бақыты сол, байлығы сол жігіттің.  
Жаны сұлу — нұр құяды жаныңа,  
Мейірім, мінез, шаттық тіле жарыңа.  
Бай қатынға басты тіксең — жақпассың,  
Атақтыдан еш береке таппассың.  
Құлай сүйген, жаны таза, ақылды,  
Жақсы әйел құрметті етер атыңды.  
Бай келіншектің кесепатын білмейсің...  
Қайын жұртпен саудаласып жүрмейсің...  
Шын ойласаң, ошағыңның ырысын,  
Адал жарың — байлығың да, тынысың, —*

деп жырлап, ерлі-зайыптылардың бір-біріне адалдығының, отбасында сақталуы тиіс эстетикалық, этикалық құндылықтардың маңыздылығын айқын көрсеткен [12].

Дана ақын [5; 419]:

*Әйел алмақ болсаң, егер, қарарсың,  
Жіті бағып таңдаулысын аларсың! —*

дей келіп, жақсы әйел үш сипатты болады деген ой қорытады [5; 421]:

*Жібек мінез — қыз-келіншек шырыны,  
Біле білсең, әйел көркі — қылығы!  
Ақылды, пәк болса, асылға баларсың,  
Үш сипаттың бәрін содан табарсың!  
Ақылды әйел, ізде — іздесең сен егер,  
Есті болса, төрт құбылаң теңелер.  
Мұндай жанды кездестірсең, бекін де.  
Ей, батырым, тырыс, қолдан кетірме!*

Жалпы, Баласағұн шынайы көркемдікті адамның рухани жан дүниесі мен эстетикалық сұлулығын көрсететін белгі деп санаған.

*Жүсіп Баласағұнның пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) үлгі етіп суреттеуі*

Мына бес күндік алдамшы дүниеде бір жаратушының хақ жолына өз өмірін арнап көптеген пайғамбарлар өткен. Сол абзал жандардың ардақтысы Мұхаммед (с.ғ.с.) болғаны шындық.

Мұхаммед (с.ғ.с.) — Ислам теологиясының негізін қалаушы. Ол ең бірінші болып иманды адамдар санының көбеюіне ықпал етті. Адамдарға Ислам негіздерімен өмір сүруді үйретті. Оған қоса ол — қасиетті кітап Құран Кәрімді [13] Алладан жеткізуші. Сондықтан да біз оны соңғы пайғамбар әрі Алланың сүйікті құлы деп танимыз, солай деп иман келтіреміз.

Жүсіп Баласағұни да өз дастанында пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өнеге етіп суреттеген [5; 53]:

*Рахымды ием, пайғамбарын жіберді,  
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.  
Түнек түнде шамы болды халықтың,  
Саған, жұртқа нұрын шапты ол жарықтың!  
Ол Құдайдың елшісі, ерім, білгейсің,  
Сен, содан соң, тура жолға кіргенсің!  
Ата-анасын қиып мұнда келді ол,  
Үмбетіне тілек, бағыт берді ол!  
Кірпік ілмей, нәр де сызбай жүдеді,  
Жалғыз сенің тілеуіңді тіледі!  
Сені тілеп, бейнет шекті күні-түн,  
Риза болсын, мақта: ақта үмітін!*

Бүкіл өмірін Алла жолына арнап, адам баласының игілігіне қызмет еткен Жүсіп Баласағұни атақты «Құтты білік» шығармасында Алланың хикметін жанымен былайша толғаған [5; 50–51]:

*Алла атымен айттым сөздің әлібін,  
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!  
Тіледі де, жаратты бар болмысты,  
«Бол!» — деді де, бірден бәрін болғызды.  
Жаралғанның бәрі мұңлық, мұңы көп,  
Ием ғана, жалғыз шері, мұңы жоқ.  
Ей, ерікті, мәңгі мұңсыз, Құдайым,  
Бұл ат жалғыз саған ғана лайық!  
Саған өзге кіріге алмас, дарасың,  
Әуелгі де соңғы да өзің, сарасың.  
Жалғыздығың қосылмай еш санаққа —  
Еркің сенің жетті күллі тарапқа.  
Иш пен тысты бірдей білген асылсың,  
Көзден — жырақ, көңіліме жақынсың.  
Барың аян, күн мен айдай жарықсың,  
Ақыл, көңіл жетпес, тегің алыс тым.*

Сонымен, ғұлама ақын Алланың асқан нығыметін, бір Жаратушы екенін жырлап қоймай, басқалардың да Құдайды танып білуіне, тіпті жас жеткіншектердің үлгі өнеге алуына терең өсиет қалдырған.

*Дастандағы өсиет сөздердің қазақ халқының мақал-мәтелдерінің түптөркініне іспеттес болуы*

Баласағұн шығармасындағы даналық сөздері қазақ мәдениеті мен халықтық мақал-мәтелдері арқылы ұштасып кеткенін байқау қиын емес.

«Құтты білікті» оқи отырып, бүгінгі қазақ мақал-мәтелдерінің түпкі негізі соларда жатқанын анықтауға болады:

1. Қазақ мақалында: *Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді.*

Баласағұнида [5; 532]:

*Ойлы кісі айтқан сөздің ақ шынын:  
Кісі өлсе де, өлмес аты жақсының!*

2. Қазақта: *Бүгін бітер істі ертеңге қалдырма.*

Баласағұнида [5; 501]:

*Ертеңге — деп, бітер істі тастама,  
Қалар кейін, шықса ісің басқа да!...*

3. Қазақта: *Кеңесіп пішкен тон келте болмас.*

Баласағұнида [5; 512]:

*Кеңесіп іс жасау керек кеңінен,  
Кеңеспеген кісі өкініп, еңірет.*

4. Қазақта: *Жақсымен жанассаң атаққа ілінерсің, жаманмен жанассаң шатаққа ілінерсің.*

Баласағұнида [5; 483]:

*Жаманға сен жолама, жаласына жанарсың,  
Жақсылыққа жанассаң, жақсы қылық табарсың!*

5. Қазақта: *Ит үреді, керуен көшеді.*

Баласағұнида [5; 332]:

*Көк төбетті бөрі елемей жеңбей ме?  
Ит үреді, керуен көше бермей ме!?*

6. Қазақта: *Әуелгі байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық, үшіншісі — он саулық.*

Баласағұнида [5; 344–345]:

*Ишпек-жемек әуелгісі бұлардың,  
Қатын алмақ — бірі рахат-құмардың,  
Үшіншісі — тән саулығың, тірлігің,  
Бұл үшеудің сақтау қажет бірлігін.*

7. Қазақта: *Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді.*

Баласағұнида [5; 264]:

*Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді,  
Сөз қалады, таяқ табы кетеді!*

8. Халық арасында *Бір топ итті арыстан бастаса, күндердің күнінде олар арыстанға айналар, ал бір топ арыстанды ит бастаса, олар итке айналады* деген мысал бар. Осыны ойшыл ақын поэзия тілімен [5; 222]:

*Біл, арыстан басшы болса иттерге,  
Арыстандай күркірер кеп иттер де!  
Арыстандар басы болса ит бір күн,  
Арыстандар жасар еді ит тірлік! —*

деп суреттеген.

Ж.Баласағұни «Құтты білікте» әдеп, әдет туралы былай деген:

*Аз ғана игі іске көп рахмет айт.*

\*\*\*

*Кісі алдындағы асқа қолыңды созба.*

\*\*\*

*Кісі айыбын ашқаннан, жапқан жақсы.*

\*\*\*

*Мінезі жақсы төрге озар.*

\*\*\*

*Жақсы қылық адамға — ас пен киім.*

\*\*\*

*Сәлем берген саулық береді,*

*Сәлем алған қызығын көреді.*

\*\*\*

*Үлкен келсе, асыңды аяма,*

*Бістық асқа үрleme.*

\*\*\*

*Құрсақта біткен қылық қара жерге бірге кіреді,*

*Сүтпен біткен ізгі қылық, өлгенше өзгермейді.*

Қорыта айтқанда, дастанда қазақтың шешендік сөздерімен, бата-тілегімен, мақал-мәтелімен сабақтас тақырып — ойы, жүйесі мен мәнері, өрнегі бірдей шығып жататын нақыл сөздер аз емес.

Кемеңгер ақын мәтінге кіргізген нақыл сөздер, мақалдар мен мәтелдер дастанды ерекшелендіре түседі: «Түркілерде бұл жөнінде мақал бар, соны осы жерде келтірудің реті бар», «Түркі тілі дана сөздерді сақтаған, Бабалардың сөздерін тыңдау керек ол үшін. Бабалардың мақалдарын сақтау — сенің борышың», — дейді автор.

*«Құтты білік» еңбегінің тәрбиелік мәні*

Бұл еңбек — халықтың құты, ырысы болған ілім. Ғасырлар бойы көзі ашық, көкірегі ояу ұрпаққа адамдық, азаматтық қасиеттерін, әдеп-адалдық дәстүрін сіңірген шығарма. Бұны біз келесі жыр жолдарынан аңғарамыз:

1. Жүсіп Баласағұнның еңбекті «Құдатғу білік» қоюына өзінің жауабы бар [5; 80]:

*Кітап атын «Құдатғу білік» қойдым —*

*Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың.*

*Жазған кітап, сөйлеген сөздеріммен,*

*Екі дүниені ұстауды көздедім мен.*

2. Ғұламаның жігітікке ашынып, өкініп, қарттық-егделік хақында айтқандары мынадай [5; 581]:

*Жортқан бұлттай жігіттіктен ауыстым,*

*Ескен желдей тірлігімді тауыстым.*

*Қайран жастық, қайран отты күндерім,*

*Тұта алмадым, қадіріңді білмедім!*

*Жігіт дәурен, оралшы бір құстайын,*

*Бұлде жауып, алақанда ұстайын!*

*Беу, жігіттік, қайда жолың, тұрағың?  
Таба алмадым сарсылдым сан, сұрадым!*

Осы өлең жолдары адамның пендешілік өмір кешпей, рухани тазалыққа шақырады. Оқушыларға болашақтарына мақсат қоюға, уақыттың қадірін түсінуге, жамандықтан аулақ болуға тәрбиелейді.

3. Ақын жақсылықтың мерейі туралы былайша толғанады [5; 595]:

*Бұл дүние қып-қысқа көрген түстей,  
Қадірін білген дұрыс көрге түспей.  
Өмір де бір қазына, алған қарыз,  
Қайырым етті қайтара салған парыз.  
Түптің-түбі бұл тағдыр теңестірет,  
Ажал келсе: ұлық, құл демес, білем.  
Жақсылық қыл, суымай бойда қаның,  
Бір өлім бар, жөн болар ойлағаның.  
Қалар өлсең меншігің — есімің де,  
Қатты серпкен кең дүние есігінде.  
Құрметтер ел, жан болсаң затың жақсы,  
Талай гасыр жаңғырар Атың жақсы.  
Қарғысын естір талай ғұмырлардың,  
Есімі қаны қара зұлымдардың.  
Не күтіп жүр: Даңқы ма, мазағы ма?  
Өз ырқында. Тек сынба азабына.  
Қалар ныспы, сіңерміз қара жерге,  
Мақтап?.. Даттап?.. «Тірілтер» қалың ел де...*

Жүсіп Баласағұн бұл өсиетінде ақиқатты ашып көрсетеді. Жер бетіндегі адамдардың теңдігін баяндайды.

4. Жас нәресте өмірге келісімен-ақ оны дұрыс тәрбиелей бастау — әке-шешенің қасиетті борышы екенін ақын жырға былайша қосқан [5; 421–422]:

*Ай мандайлы ұл-қыз туса алдыңда,  
Үйіңде өсір, бөтен жерде қалдырма.  
Тәрбиеші ал ізгілікті, көшелі,  
Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі.  
Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер,  
Қос жалғанды бірдей көріп, күлімдер.  
Ұлына әйел әпер, қызды ерге бер,  
Қайғы-мұңсыз тірлікке не тең келер!  
Ұлды үйрет күллі өнер-білімге,  
Онымен мал-дүние табар түбінде.  
Бақ ұлыңды, бекерге бос жүрмесін,  
Бейбастақ боп кетер бекер жүргесін.*

5. Данагөй адамшылыққа — адамшылық, қайырымға — қайырым ету туралы былай дейді [5; 598–599]:

*Ілкі сәттік өмірің болса жалғанда —  
Қайырым ет, қайырым қылған жандарға.  
Серттей түйсең, ұшқан ойды сөзімнен,  
Шет қалмайсың несібеңнен, еліңнен.  
Сиымды бол сыйлап сені жақтаса,  
Тайраңдама — қалың елің мақтаса.  
Адамшылық — адамға тән қазына,  
Солай қазір, солай болғын бағыдан.  
Қайырым етсе достарың, не бауырың,  
Еселеп бер, көтер жүктің ауырын.  
Сөйтсең, дана ер болғаның сенімді,  
Құрығанда, байқатасың тегіңді.*

Данышпан философ оқушыларға адамгершілік қасиеттерді дарыта отырып, оларды достықты бағалауға, жақындарын сыйлауға тәрбиелейді. Тұлғаға тән қасиеттерді, ізгілікті насихаттайды.

Қорыта айтқанда, Баласағұни философ ретінде және тәрбиелік тағылымға толы педагог ретінде артына өшпес мұра, тәрбиелік дәстүр, өнеге қалдырған адам.

### Түйін

Жалпы, «Құтты білік» не жайында?

- «Құтты білік» — мемлекетті басқару ғылымы. Ол — түркі тілінде жазылған тұңғыш саяси еңбек.
- «Құтты білік» — жалпыадамзаттық ұстанымдарды, адамгершілік қағидаларды зерттеген терең философиялық мұра.
- «Құтты білік» — ежелгі түркі тіліндегі классикалық поэзияның тұңғыш шығармасы.
- «Құтты білік» — оқырманын тәрбиенің түрлі салалары бойынша даналық ойлардан сусындататын тәлім-тәрбиелік энциклопедия.
- «Құтты білік» — кісілікті қорлауға, орынсыз қантөгіске, әлеуметтік әділетсіздікке жаны қас ақынның дүниенің қызығы, құты — білім, ақылда, адамшылықта деген мүддесін биік көтерген толғаныс.
- «Құтты білік» — насихат, ғақлия саздары айқын, елдік, мемлекеттік құрылысты егжей-тегжейлі түсіндірген тариқат.
- «Құтты білік» — заманның, уақыттың озмыштығына ойшылдықпен мән берген, дүниенің асыл мәнін байсалды түсіндірген ақылман дастан.
- «Құтты білік» — «мұсылман идеологиясына негізделген, сол идеологияны насихаттайтын, түркі тілінде жазылған жалғыз еңбек». Сондай-ақ Жүсіп Баласағұн — түркілік ислам әдебиетіндегі мадақ (Аллаға, пайғамбарға, сахабаларға, ел билеуші қағанға) жанрының негізін қалаушы.

Сөз соңында айтарымыз «Құтты білік» («Құтадғу білік») — «Құтқа, бақытқа қалай жетуге болады?» деген адам баласы үшін ең өзекті, аса маңызды өмірлік хәм мәңгілік сұраққа жауап беретін ақылман туынды. Ал оның қандай жолдар екенін көкірегі ояу оқырман баба мұрасын зерделей оқу арқылы ұғына алады [5; 40–41; 605]:

*Әзіз кітап — бұл ұлылық негізі,  
Біліктіге болғай білім теңізі!  
Құт білікпен безенген бұл, жамағат,  
Шүкір қылып ал да, тіле қанағат.  
Күллі дана сөзі түгел сүзілген,  
Інжу-маржан тізбегіндей түзілген!  
Тыңдағанға — ұғынықты, қадірлі,  
Жазбасы — ауыр, надандарға кәдімгі!  
Көз-қолыңды демеп жарық шашар да,  
Ісіңді оңдар сөзі екі жаһанда.  
Шығыс елі, күллі түркі ішінде,  
Дүниеде — кітап жоқ бұл пішінде...  
Сөзімді айттым, құлы болмай құлқынның,  
Пайдасы үшін қалған қалың жұртымның.  
Аңсамадым — мадағыңды, даңқыңды,  
Көзге ілмедім күміс, гауһар, алтынды.  
Көз суалды, түнді түнге жалғадым,  
Сөзді жазып, баршаңызға арнадым.  
Менің зілдей еңбегімді білсін деп,  
Келер ұрпақ еске тұтып жүрсін деп.  
Бұл кітаптың әр ұйқасын, әр жолын,  
Тілім айтып, тізді мына өз қолым.  
Бұл кітапты сендер оқып жүргенде,  
Қолым қалмас; болмас тіпті тіл менде.  
Ұмытпа тек, оқырманым-сырласым,  
Жақсы сөзім жалғызсырап тұрмасын.*

Сонымен, Жүсіп Баласағұн өмірдің өткіншілігін, болымсыздығын айта келіп, өзі бұл дүниеден кетсе де, сөзінің мәңгі қалатынына сенген.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Келімбетов Н.* Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011. — 243-б.
- 2 *Қыраубаева А.* Ежелгі әдебиет. 5-томдық шығармалар жин. 2-т. / Томды баспаға әзірлегендер: Г.Аскарова, Н.Мәтбек. — Алматы: Өнер, 2008. — 216 б.
- 3 *Тауасарұлы Қ.* Түп-тұқианнан өзіме шейін / Баспаға дайынд. Б.Қыдырбекұлы. — Алматы: Жалын, 1993. — 25-б.
- 4 *Ержанов Қ.* Қара-Бурахан, Қожа Ахмет Иассауи және Жүсіп Баласағұн — бір асылдың сынықтары // *Қазақ*. — 2014. — № 49–50 (721–722). — 5–12 желт. — 7-б.
- 5 *Баласағұн Ж.* Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. — Алматы: Жазушы, 1986. — 616 б.
- 6 *Нысанбаев Ә.* «Құтты білік» сол заманда «Қарахан» мемлекетінің Ата Заңының орнында жүрді // *Жүсіп Баласағұн (ХІ ғ.)*. — Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 18 (78). — 28-б.
- 7 *Әбілдаев Ж.* Қазіргі таңда «Құтты білік» дастанының үш нұсқасы белгілі // *Жүсіп Баласағұн (ХІ ғасыр)*. — Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 18 (78). — 42, 43-б.
- 8 *Келімбетов Н.* Ежелгі дәуір әдебиеті: Оқулық. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 264 б.
- 9 *Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. I-т.* / Бас ред. Б.Ө.Жақып. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2009. — 450-б.
- 10 *Қыраубаева А.* «Құтты білік» — кемел мемлекеттің құрылымы // *Жүсіп Баласағұн (ХІ ғасыр)*. — Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 18 (78). — 10-б.
- 11 *Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.)*. — Алматы: Ғылым, 1995. — 160 б.
- 12 *Әнуарбекқызы Ә.* Баласағұн ойларындағы басты мақсат — адамның өзін-өзі тәрбиелеуі // *Жүсіп Баласағұн (ХІ ғасыр)*. — Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 18 (78). — 48, 49-б.
- 13 *Құран Кәрім / Ауд.: Р.Нысанбайұлы, У.Қыдырғанұлы.* — Алматы: Жазушы, 1991. — Қазақшасы — 578 б.; арабшасы — 585 б.

Р.С.Каренов

### **Произведение Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание» как фундаментальный философский труд, синтезирующий разносторонние знания из других наук**

В статье рассматриваются жизнь и деятельность выдающегося философа, поэта, просветителя XI столетия Юсуфа Хас Хаджиба Баласагунского. обстоятельно раскрываются содержание и значение его философского произведения «Благодатное знание». Доказывается, что этот гениальный философский труд обобщает в себе достижения почти всех наук его времени: философии, поэзии, права, экономики, этики, истории, религии, педагогики. Отмечается особо, что «Благодатное знание» является первым философским и поэтическим трактатом в истории Востока, написанным на тюркском языке. Делается вывод, что многие научные положения и философские размышления, выдвинутые в данной работе, не потеряли своей актуальности и значимости до настоящего времени.

R.S.Karenov

### **The work of Yusuf Balasagun «Beneficial knowledge» as a fundamental philosophical work, synthesizing versatile knowledge from other Sciences**

In this article discusses the life and work of the eminent philosopher, poet, educator XI century Yusuf Khas Hajiba of Balasagun. Circumstantially describes the content and significance of his philosophical works «beneficial knowledge». It is proved that this brilliant philosophical work summarizes the achievements of almost all the sciences of his time: the philosophy, poetry, law, economics, ethics, history, religion, pedagogy. It's noted particularly that «beneficial knowledge» is the first philosophical and poetic treatise in the history of the east, written in Turkish language. It is made a conclusion that many scientific and philosophical reflections put forward in this paper hasn't lost its relevance and significance to the present.

## References

- 1 Kelimbetov N. *Ancient literature of the Turkic peoples*, Almaty: Rarity, 2011, p. 243.
- 2 Kyraubaeva A. *Literature ancient time. The five-volume collected works*, vol. 2, vol. was is published: Askarova G., N.Matbeck, Almaty: «Oner», 2008, 216 p.
- 3 Tauasaruly K. *From tiny to itself*, prepared for publ. by B.Kadyrbekov, Almaty: Zhaly, 1993, p. 25.
- 4 Erzhanov K. *Kazakh*, 49–50 (721–722), 2014, 5–12 December, p. 7.
- 5 Balasagun Zh. *Written. Beneficial knowledge*, translated from the ancient language, preface and annotations to the text made by A.Egeubayev, Almaty: Zhazushy, 1986, 616 p.
- 6 Nyssanbaev A. *Yusuf Balasagun written (XI century)*, legendary personality: Star family, 2013, 18 (78), p. 28.
- 7 Abildaev Zh. *Yusuf Balasagun written (XI century)*, legendary personality: Star family, 2013, 18 (78), p. 42–43.
- 8 Kelimbetov N. *Literature of ancient times*, textbook, Almaty: Ana Tili, 1991, 264 p.
- 9 *Science of Kazakhstan*, encyclopedia, vol. I, the Chief editor B.O.Zhakup, Almaty: LLP «Kazakh encyclopedia», 2009, p. 450.
- 10 Kyraubaeva A. *Yusuf Balasagun written (XI century)*, legendary personality: Star family, 2013, 18 (78), p. 10.
- 11 *Thinkers of the Kazakh steppe (IX–XII century)*, Almaty: Gylym, 1995, p. 78.
- 12 Anuarbekkyzy A. *Yusuf Balasagun written (XI century)*, Legendary personality: Star family, 2013, 18 (78), p. 48–49.
- 13 *Quran Karim*, transl. R.Nyssanbayuly, U.Kydyrganuly, Almaty: Zhazushy, 1991, 578 p.